

Түсінік хат

Перспективалық жоспар жалпы сөйлеу тілі дамымаған (ЖСТД) II-деңгейдегі 5-6 жастағы балаларға арналған. Перспективалық жоспар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары мен 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың типтік оқу бағдарламасы негізінде жасалған.

Перспективалық жоспар ЖСТД II-деңгейдегі балалардың сөйлеу тілінің даму сатыларын, жас ерекшеліктерін және логопедиялық диагностиканың нәтижелерін ескере отырып әзірленді. Негізгі мақсат – сөйлеу тілінің барлық компоненттерін кешенді дамыту арқылы балалардың сөздік қорын молайту, фонематикалық есту қабілетінің алғышарттарын қалыптастыру, сөйлем құрылымын кезең-кезеңімен күрделендіру және қарым-қатынасқа белсенді араласуға дағдыландыру.

Міндеттері:

- Импрессивті сөйлеу: Қоршаған заттар мен құбылыстарды сипаттау, антонимдер мен синонимдерді меңгеру, сөздердің көпмағыналылығын түсіну, кеңістік қатынастарын («астында», «үстінде», «жанында») дұрыс қолдану, грамматикалық тұлғаларды (септік, тәуелдік, көптік жалғауларын) сөйлемде пайдалану.
- Экспрессивті сөйлеу: Қарапайым және жайылма сөйлемдерді құрастыру, сын есімдер мен есімдіктерді қолдану, жаңа сөздер жасауға жаттықтыру, сөйлемді толық сөйлеммен айту, сөйлемнің құрылымын күрделендіру.
- Байланыстырып сөйлеу: Сюжетті суретке, сызбаға сұбіене отырып әңгіме құрастыру, кейіпкердің эмоциясын дауыс пен қимыл арқылы жеткізу, қарапайым әңгімені жалғастыру және аяқтау, әңгіте пен тенеуді қолдану, монолог пен диалог құру.
- Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Сөз ішінде екпін қою, сөйлем мақсатына сәйкес дауыс ырғағын дұрыс қолдану, сұраулы, хабарлы және лепті сөйлемдерді ажырату, дыбыстарды анық айту.
- Коммуникативтік дағдылар: Құрдастарымен және ересектермен толық сөйлем арқылы сөйлесу, сұрақ қою және оған жауап беру, келісу және келіспеу үлгілерін қолдану («Мен келісемін, себебі...», «Мен келіспеймін, өйткені...»), ойын және оқу жағдайында пікір білдіру, тыңдаушы алдында сөйлеу *Бағдарламаның құрылымы:*

Жоспар екі кезеңнен тұрады: I жартыжылдық (қыркүйек–желтоқсан): сөйлеудің қарапайым құрылымдарын меңгерту, сөздік қорды байыту, фонематикалық қабылдау алғышарттарын қалыптастыру, диалогке қатысуға дағдыландыру. II жартыжылдық (қаңтар–мамыр): меңгерген білім мен дағдыларды бекіту, сөйлем құрылымдарын күрделендіру, байланыстырып сөйлеуді дамыту, сөйлеу мәдениетін жетілдіру, балалардың сөйлеу белсенділігін арттыру.

Күтілетін нәтижелер

Жыл соңында балалар:

- қоршаған заттарды сипаттай алады, синонимдер мен антонимдерді қолданады;
- көпше, септік, тәуелдік формаларын сөйлемде пайдаланады;
- 3–5 сөзден тұратын сөйлемдер құрайды, сюжетті сурет пен сызба арқылы шағын әңгіме құрастырады;
- дауыс ырғағын сөйлем мақсатына қарай қолданады;
- қысқа тақпақтар мен әңгімелерді мазмұндайды;
- сұрақтарға толық сөйлеммен жауап береді, сұрақ қоя алады;
- эмоцияны сөзбен және мимикамен жеткізеді;
- құрдастарымен және ересектермен қарапайым диалог пен монолог жүргізе алады.

Бағдарлама логопед, педагог, психолог және ата-аналардың бірлескен жұмысы арқылы жүзеге асырылады.

	апта	Арнайы ұйымдастырылған түзетуші іс-әрекет	Арнайы ұйымдастырылған түзетуші іс-әрекеттің міндеттері
Қазан	1 апта	Импрессионді сөйлеу тілін дамыту	- «Күз» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; - Қоршаған ортадағы түрлі табыс заттардың сипаттарын атауға дағдыландыру «үлкен»; - әңгімені үлгі бойынша мұғалімнің үлгісін қайталап айтуға дағдыландыру;
		Диалогтік және монологтік байланыстырып сөйлеуді және қарым-қатынас дағдыларын дамыту	
	2 апта	Импрессионді сөйлеу тілін дамыту	- «Көкөністер» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; - Антонимдер, заттардың топталуы бойынша жұптарды сурет арқылы қалыптастыру («үлкен – кіші», «сұлу – әлемі»); - әңгімені жоспар бойынша мұғалімнің үлгісін қайталап айтуға дағдыландыру;
		Диалогтік және монологтік байланыстырып сөйлеуді және қарым-қатынас дағдыларын дамыту	
	3 апта	Импрессионді сөйлеу тілін дамыту	- «Жемістер» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; - синонимдер, заттардың топталуы бойынша жұптарды сурет арқылы қалыптастыру («үлкен – кіші», «сұлу – әлемі»);
		Диалогтік және монологтік байланыстырып сөйлеуді және қарым-қатынас дағдыларын дамыту	- Сөз сөйлеуді негізгі сөзге екпін түсіруді тыңдау арқылы қалыптастыру (мысалы: «МАма келді»); - Сызбаға сүйенсе отыра байланыстырылған, бірізді монологтік сөз сызба бойынша 2–3 сөзбен сөйлеуге үйрету («Бала – кітап – оқып отыр»);
Қараша	4 апта	Импрессионді сөйлеу тілін дамыту	- «Бақ мен бақша» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; - лексикалық тақырыпқа сай негізгі сөздерді айтуға дағдыландыру (мысалы, «Киімдер» – көйлек, шалбар); - Сөз сөйлеуді негізгі сөзге екпін түсіруді тыңдау арқылы қалыптастыру (мысалы: «МАма келді»); - Кейіпкердің эмоционалдық күйін көрсете отыра кейіпкерді мимикамен, қимылмен бейнелеуге дағдыландыру;
		Диалогтік және монологтік байланыстырып сөйлеуді және қарым-қатынас дағдыларын дамыту	
	5 апта	Импрессионді сөйлеу тілін дамыту	- «Орман, Саңырауқұлақ» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; - балаларды барлық негізгі сөз таптарын: зат есімді қолдануға үйрету; - ересек адамның көмегімен әңгіменің жалғасын және соңының ойдан құрастыра отырып сөйлемнің соңын 1 сөзбен толықтыруға дағдыландыру («Бала сурет...» – «салды»);
		Диалогтік және монологтік байланыстырып сөйлеуді және қарым-қатынас дағдыларын дамыту	
	1 апта	Импрессионді сөйлеу тілін дамыту	- «Үй жануарлары» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; - балаларды барлық негізгі сөз таптарын: етістікті қолдануға үйрету; - ересек адамның көмегімен әңгіменің жалғасын және соңының ойдан құрастыра отырып сөйлемнің соңын 1 сөзбен толықтыруға дағдыландыру («Бала сурет...» – «салды»);
		Диалогтік және монологтік байланыстырып сөйлеуді және қарым-қатынас дағдыларын дамыту	
Қараша	2 апта	Импрессионді сөйлеу тілін дамыту	- «Жабайы аңдар» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; - балаларды барлық негізгі сөз таптарын сын есімді қолдануға үйрету; - Тәуелдік жалғаулы есімдіктерді қолдануды және «Менің» деген құрылымды айтуға үйрету; - Сөйлеу ағымында сұраулы интонацияны тыңдап ажыратуға дағдыландыру;
		Диалогтік және монологтік байланыстырып сөйлеуді және қарым-қатынас дағдыларын дамыту	
	3 апта	Импрессионді сөйлеу тілін дамыту	- «Үй құстары» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; - балаларды барлық негізгі сөз таптарын сан есімді қолдануға үйрету;

		Диалогтік және монологтік байланыстырып сөйлеуді және қарым-қатынас дағдыларын дамыту	- Сөйлеу ағымында сұраулы интонацияны тыңдап ажыратуға дағдыландыру; - Түрлі материалдар, өсімдіктер, азық-түлікке негізгі сын есімдерді айтуға дағдыландыру («ағаш орындық»);
	4 апта	Импрессионді сөйлеу тілін дамыту	- Өтілген лексикалық тақырыптар бойынша сөздік қорын молайту; - арнайы сөздер – терминдерді түсініп, орындауға дағдыландыру («қайта айт», «тыңда»);
			-
		Диалогтік және монологтік байланыстырып сөйлеуді және қарым-қатынас дағдыларын дамыту	- "үстінде", "астында", "ішінде" негізгі шылауларды сөйлем ішінде қолдануға дағдыландыру («Кітап үстелде»)
Желтоқсан	1 апта	Импрессионді сөйлеу тілін дамыту	- «Қыс» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; - арнайы сөздер – терминдерді түсініп, орындауға дағдыландыру («қайта айт», «тыңда»);
		Диалогтік және монологтік байланыстырып сөйлеуді және қарым-қатынас дағдыларын дамыту	- "одан", "одан", "сонымен" негізгі шылауларды сөйлем ішінде қолдануға дағдыландыру («Кітап үстелде»)
	2 апта	Импрессионді сөйлеу тілін дамыту	- «Қыстайтын құстар» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; - Белгілі бір берілген затқа сипаттамаларды сәйкестендіруге үйрету («алма-тәтті»);
		Диалогтік және монологтік байланыстырып сөйлеуді және қарым-қатынас дағдыларын дамыту	- Сөйлемде бірінші мүшелерді тыңдап, қайталап айтуға үйрету («Апам, апам, інім келді»);
	3 апта	Импрессионді сөйлеу тілін дамыту	- «Дене мүшелері» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; - Белгілі бір берілген затқа әрекетті сәйкестендіруге үйрету («Доп – домалайды»);
		Диалогтік және монологтік байланыстырып сөйлеуді және қарым-қатынас дағдыларын дамыту	- Етістіктерді қосымшалармен және негізгі етістікті атауға дағдыландыру («Жүр», «Ойна»);
	4 апта	Импрессионді сөйлеу тілін дамыту	- «Киімдер» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; - арнайы сөздер – терминдерді түсініп, орындауға дағдыландыру («қайта айт», «тыңда»);
		Диалогтік және монологтік байланыстырып сөйлеуді және қарым-қатынас дағдыларын дамыту	- Дауыс ырғағы бойынша сөйлемдерді мұғалім үлгісімен сөйлемді интонациямен айтуға үйрету.
	5 апта	Импрессионді сөйлеу тілін дамыту	- «Аяқ киімдер» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; - арнайы сөздер – терминдерді түсініп, орындауға дағдыландыру («қайта айт», «тыңда»);
		Диалогтік және монологтік байланыстырып сөйлеуді және қарым-қатынас дағдыларын дамыту	- көпше түрдегі зат есімнің ілік септігінде жекеше және көпше түрін айтуға дағдыландыру («дос – достар»);

Айы	апта	Арнайы ұйымдастырылған түзетуші іс-әрекет	Арнайы ұйымдастырылған түзетуші іс-әрекеттің міндеттері
Қаңтар	1 апта	Импрессионді сөйлеу тілін дамыту	- «Жігіз» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; - Құбылыстың бөлігін атауды баланы заттың жеке бөліктерін тануға және қарапайым жалпылама сөздермен сәйкестендіруге дағдыландыру (мысалы: "бас – адам", "дөңгелек – көлік");
		Диалогтік және монологтік байланыстырып сөйлеуді және қарым-қатынас дағдыларын дамыту	- Сюжетті суретке қарап, қарапайым әңгіме мазмұнын тыңдап түсінуге және логопедпен бірге қайта айтып беруге дағдыландыру;
	2 апта	Импрессионді сөйлеу тілін дамыту	- «Бідыстар» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; - Тұтас заттың бөлігін атауды баланы заттың жеке бөліктерін тануға және қарапайым жалпылама сөздермен сәйкестендіруге дағдыландыру (мысалы: "бас – адам", "дөңгелек – көлік");
	3 апта	Диалогтік және монологтік байланыстырып сөйлеуді және қарым-қатынас дағдыларын дамыту	- Сюжетті суретке қарап, қарапайым әңгіме мазмұнын тыңдап түсінуге және логопедпен бірге қайта айтып беруге дағдыландыру;
		Импрессионді сөйлеу тілін дамыту	- «Азық-түлік» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; - Баланы зат есім, етістік, сын есім сияқты негізгі сөз таптарына еліктеу арқылы үйрету;
	4 апта	Диалогтік және монологтік байланыстырып сөйлеуді және қарым-қатынас дағдыларын дамыту	- Баланы сурет немесе көрнекі материалды бірлесіп қарастыруға және логопед қойған қарапайым сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру;
		Импрессионді сөйлеу тілін дамыту	- «Пайдалы және зиянды тағамдар» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; - Баланы зат есім, етістік, сын есім сияқты негізгі сөз таптарына еліктеу арқылы үйрету;
		Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту	- Баланы сурет немесе көрнекі материалды бірлесіп қарастыруға және логопед қойған қарапайым сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру;
Ақпан	1 апта	Импрессионді сөйлеу тілін дамыту	- «Құралдар» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; - Белсенді сөйлеу кезінде баланы қарапайым антонимдік жұптарды (үлкен-кіші, жылы-суық) түсінуге және қолдануға дағдыландыру;
		Диалогтік және монологтік байланыстырып сөйлеуді және қарым-қатынас дағдыларын дамыту	- Әңгімеден кейін негізгі кейіпкерді атауға және логопед көмегімен тақырып таңдауға дағдыландыру;

	2 апта	Импрессионді сөйлеу тілін дамыту	- «Мамандықтар: дәрігер, тәрбиеші, құрылысшы» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; - Белсенді сөйлеу кезінде баланы қарапайым антонимдік жұптарды (үлкен–кіші, жылы–суық) түсінуге және қолдануға дағдыландыру;
		Диалогтік және монологтік байланыстырып сөйлеуді және қарым-қатынас дағдыларын дамыту	- Өңгімеден кейін негізгі кейіпкерді атауға және логопед көмегімен тақырып таңдауға дағдыландыру;
	3 апта	Импрессионді сөйлеу тілін дамыту	- «Мамандықтар: полиция қызметкері, өрт сөндіруші, шаштараз» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; - Сөйлеу тілінде баланы бір сөздің әртүрлі мағынада қолданылатынына назар аударуға үйрету (мысалы: “кол” – адам мүшесі, “кол” – көмек);
		Диалогтік және монологтік байланыстырып сөйлеуді және қарым-қатынас дағдыларын дамыту	- Баланы толық пікір айту қарапайым бұйрық үлгілерін қайталауға және ойын жағдайында қолдануға дағдыландыру (мысалы: «Орындыққа отыр», «Допты бер»);
	4 апта	Импрессионді сөйлеу тілін дамыту	- «Көлік түрлері» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; - Сөйлеу тілінде баланы бір сөздің әртүрлі мағынада қолданылатынына назар аударуға үйрету (мысалы: “кол” – адам мүшесі, “кол” – көмек);
		Диалогтік және монологтік байланыстырып сөйлеуді және қарым-қатынас дағдыларын дамыту	- Баланы толық пікір айту қарапайым бұйрық үлгілерін қайталауға және ойын жағдайында қолдануға дағдыландыру (мысалы: «Орындыққа отыр», «Допты бер»);
Наурыз	1 апта	Импрессионді сөйлеу тілін дамыту	- «Жөкем» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; - Түрлі жолдармен баланы қарапайым сөз жасаушы жұрнақтарға еліктеуге дағдыландыру (“ойна” → “ойын”, “оқы” → “оқушы”);
		Диалогтік және монологтік байланыстырып сөйлеуді және қарым-қатынас дағдыларын дамыту	- Диалогті құрастыру кезінде Баланы қарапайым сәлемдесу, қоштасу, алғыс айту сөздерін айтуға дағдыландыру;
	2 апта	Импрессионді сөйлеу тілін дамыту	- «Жыл құстары» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; - Түрлі жолдармен баланы қарапайым сөз жасаушы жұрнақтарға еліктеуге дағдыландыру (“ойна” → “ойын”, “оқы” → “оқушы”);
		Диалогтік және монологтік байланыстырып сөйлеуді және қарым-қатынас дағдыларын дамыту	- Диалогті құрастыру кезінде Баланы қарапайым сәлемдесу, қоштасу, алғыс айту сөздерін айтуға дағдыландыру;
	3 апта	Импрессионді сөйлеу тілін дамыту	- «Наурыз мерекесі» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; - Сөздерді текте баланы жай сөйлем құрауға және сөздерді бір-біріне сәйкестендіруге үйрету (“мысық ұйықтап жатыр”);
		Диалогтік және монологтік байланыстырып сөйлеуді және қарым-қатынас дағдыларын дамыту	- Баланы өз әрекетін қарапайым етістікпен айтуға дағдыландыру (мысалы: «Мен ішіп жатырмын», «Ол ойнайды»);
	4 апта	Импрессионді сөйлеу тілін дамыту	- Өткен лексикалық тақырыптар бойынша сөздік қорын молайту; - -
			Сөздерді текте баланы жай сөйлем құрауға және сөздерді бір-біріне сәйкестендіруге үйрету (“мысық ұйықтап жатыр”);

		Диалогтік және монологтік байланыстырып сөйлеуді және қарым-қатынас дағдыларын дамыту	- Баланы өз әрекетін қарапайым етістікпен айтуға дағдыландыру (мысалы: «Мен ішіп жатырмын», «Ол ойнайды»);
Сәуір	1 апта	Импрессионді сөйлеу тілін дамыту	- «Гүлдер» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;
		Диалогтік және монологтік байланыстырып сөйлеуді және қарым-қатынас дағдыларын дамыту	- Баланы «және», «өйткені», «бірақ» шылауларымен қарапайым екі сөйлемді байланыстыруға үйрету;
			- Баланы өзіндік ой пікірлерін қарапайым сұрақтарға жеке жауап беруге және қысқа ой айтуға дағдыландыру;
	2 апта	Импрессионді сөйлеу тілін дамыту	- «Ағаштар» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;
		Диалогтік және монологтік байланыстырып сөйлеуді және қарым-қатынас дағдыларын дамыту	- Баланы «және», «өйткені», «бірақ» шылауларымен қарапайым екі сөйлемді байланыстыруға үйрету;
	3 апта	Импрессионді сөйлеу тілін дамыту	- Баланы өзіндік ой пікірлерін қарапайым сұрақтарға жеке жауап беруге және қысқа ой айтуға дағдыландыру;
		Диалогтік және монологтік байланыстырып сөйлеуді және қарым-қатынас дағдыларын дамыту	- «Жандіктер» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;
	4 апта	Импрессионді сөйлеу тілін дамыту	- Баланы бір түбірден шыққан сөздердің ұқсастығын байқауға және айтқанға еліктеуге дағдыландыру («жаз», «жазушы», «жазу»);
		Диалогтік және монологтік байланыстырып сөйлеуді және қарым-қатынас дағдыларын дамыту	- Диалог барысында баланы қарапайым келісу немесе бас тарту формаларын айтуға дағдыландыру (мысалы: «Иә», «Жоқ», «Болмайды», «Жақсы»);
	5 апта	Импрессионді сөйлеу тілін дамыту	- «Зообақ» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;
		Диалогтік және монологтік байланыстырып сөйлеуді және қарым-қатынас дағдыларын дамыту	- Баланы бір түбірден шыққан сөздердің ұқсастығын байқауға және айтқанға еліктеуге дағдыландыру («жаз», «жазушы», «жазу»);
		Импрессионді сөйлеу тілін дамыту	- Дауыс ырғағы бойынша баланы сұраулы сөйлемдердің интонациясын тыңдап қайталауға дағдыландыру;
		Диалогтік және монологтік байланыстырып сөйлеуді және қарым-қатынас дағдыларын дамыту	- «Теніз мекен етушілері» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;
Мамыр	1 апта	Импрессионді сөйлеу тілін дамыту	- Дауыс ырғағы бойынша баланы лепті сөйлемдердің интонациясын тыңдап қайталауға дағдыландыру;
		Диалогтік және монологтік байланыстырып сөйлеуді және қарым-қатынас дағдыларын дамыту	- Диалог барысында баланы қарапайым келісу немесе бас тарту формаларын айтуға дағдыландыру (мысалы: «Иә», «Жоқ», «Болмайды», «Жақсы»);
	2 апта	Импрессионді сөйлеу тілін дамыту	- «Менің Қазақстаным» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;
		Диалогтік және монологтік байланыстырып сөйлеуді және қарым-қатынас дағдыларын дамыту	- Дауыс ырғағы бойынша баланы хабарлы сөйлемдердің интонациясын тыңдап қайталауға дағдыландыру;
			- Баланы сөйлеу тілінде қарапайым тенеулерді (мысалы: күн – алтын, су – мөлдір) тыңдап түсінуге және қайталауға дағдыландыру;
			- «Туған өлкем» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;
			- Баланы берілген тақырыпқа логопед бастаған әңгімені тыңдап, соңғы сөйлемін қайталауға және өз ойымен аяқтауға ынталандыру;
			- Баланы логопедпен бірге басқа ересектер немесе балалар алдында бір-екі сөз айтуға дағдыландыру;